

ӘӨЖ616.33-006:616.343

АСҚАЗАН ЖӘНЕ ЖІҢІШКЕ ІШЕКТІҢ БӨЛІМДЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЛИМФОИДТЫ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ АНАТОМИЯСЫ

Е.Ж. Бекмұхамбетов, С.Б. Рахманов, А.Д. Балмағамбетова

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті, Ақтөбе қаласы

Өзектілігі: Ас қорыту жолы адам организмінде қорғаныштық қызметі бойынша иммундық мүшелер ішінде өзіндік ерекшелігі бар жүйе. Себебі, ас қорыту жолының 200 шаршы метрге жуық алаңы мен сан түрлі бөгде антигендер арасында үнемі конфронтация жүреді. Оған қарамастан, организмде сырттан түскен антигендердің кері әсерлері, иммундық құрылымдардың қарсы тұруы арқасында байқалмайды. Соңғы уақытта ғалымдар көп түрлі зерттеулер жүргізу арқылы, ас қорыту жолының иммундық жүйесінің ерекшелігін түсінуге тырысуда [1]. Соңғы он жылдықта жүргізілген көптеген зерттеулер нәтижесі ас қорыту жолын иммундық жүйенің маңызды бір бөлімі екенін көрсетті [2,3]. Интестинальды жол деңгейінде иммундық механизмді бір бірімен тығыз байланыста 3 негізгі кілттік компонент ұйымдастырады: 1 – қалыпты микрофлора, 2 – сілемейлі қабатпен біріккен лимфоидты тіндер, 3 – иммунокомпетентті және фагоцитарлық жасушалардың секрециялық өнімдері.


Организмнің қорғаныштық жүйесі ауру коздырғыштарының түсуіне қарсы әсерін көрсетсе, ал өмірге маңызды тағам ингредиенттеріне қарсы бағытталмауы керек. Бұл міндетті құрамына организмнің көптеген қорғаныш жасушалары кіретін, ас қорыту жолының жоғары мамандандырылған иммундық жүйесі атқарады. Бұл жүйе адам организмін бір жағынан зиянды әсерлерден қорғаса, екінші жағынан организмге қажетті бөгде заттарға оң әсер көрсетеді. Аталған қарама-қарсы қызметтердің белгілі бір цикл арқылы реттелетіндігі белгілі, дегенмен әлі күнге дейін қарқынды зерттеулерге қарамастан оның арнамалы, таңдамалы әсері жөніндегі тұжырым толық түсінік тапқан жоқ. Иммунология саласының дамуындағы қазіргі көзқарас бойынша гуморальдық және жасушалық иммунитет механизміне қатынасатын мүшелердің өзіндік ерекшелігі ба. Соның ішінде орталық және шеткі иммундық жүйе мүшелерінің ішінде ас қорыту жолының біріккен және шашыранды лимфоидты түйіншіктері үлкен орын алады [4,5,6].

Зерттеу мақсаты: қалыпты жағдайда асқазан мен жіңішке ішектің әрбір бөлімдеріндегі лимфоидты құрылымдарды салыстыру арқылы олардың анатомо-топографиялық ерекшеліктерін сипаттау.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Тәжірибелік зерттеуге саны 32 тексіз егеуқұрықтар алынды. Егеуқұйрықтардан декапитация жолымен, асқазан және жіңішке ішегінің тұтастығы бұзылмай ажыратылып алынды. Жіңішке ішек тең жоғарғы, ортаңғы, төменгі 1/3 бөлімдерге бөлініп зерттелді. Алынған препараттар ағын суда тазартылып Хеллман әдісімен боялды. Толық боялған препараттардың әрбір бөлімдеріне байланысты лимфоидты құрылымдар зерттеліп, олардың сандық тығыздығы, көлемі, пішіндері ұлғайтқыш құрал астында зерттеліп сипатталды. Асқазан мен жіңішке ішектің лимфоиды құрылымдары 3 бөлімге бөліне отырып өзара салыстырылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау: Асқазанның сілемейлі қабатында шашыранды да, біріккен де лимфоидты түйіншелер (Пейер табақшалары) кездесті. Шашыранды орналасқан лимфоидты түйіншелер саны кардиялды бөлімінде $1,8 \pm 0,3$, асқазан денесінде $3,7 \pm 0,2$, ал қалтқы бөлімінде $8,2 \pm 0,4$ құрайды. Пейер табақшаларының саны кардиялық бөлімде кездескен жоқ, ал асқазан денесінде $1,2 \pm 0,01$, асқазан қалтқысында $2,0 \pm 0,2$ жетті. Пейер табақшаларының пішіндері әр түрлі, көлемі 0,1 мм-ден 0,4 мм арасында ауытқып отырды, көбіне кардиялық бөлімінде, асқазанның денесінде дөңгелек, диск түрінде, ал қалтқы бөлімінде сопақша пішінде кездесті.

Ал, жіңішке ішекте шашыранды орналасқан лимфоидты түйіншелер мен Пейер табақшаларының сандық және көлемдің көрсеткіштері де асқазанмен салыстырғанда жоғары (сурет 1, 2). Жіңішке ішектің жоғарғы 1/3 бөлімінде шашыранды лимфоидты түйіншелердің орташа саны $1,5 \pm 0,74$, Пейер табақшалары $3,28 \pm 0,43$ болды. Жіңішке ішектің ортаңғы 1/3 бөлімінде шашыранды орналасқан




■ кардия / жоғарғы 1/3 ■ денесі / ортаңғы 1/3 ■ қалтқы / төменгі 1/3

Сурет – 1. Асқазан мен жіңішке ішектің бөлімдері бойынша Пейер табақшаларының сандық көрсеткіштері

Лимфоидты түйіншелер $5,42 \pm 1,11$, ал Пейер табақшалары $5,35 \pm 0,22$ құрады. Төменгі 1/3 бөлімінде шашыранды лимфоидты түйіншелер $12,6 \pm 2,5$, ал Пейер табақшалары $6,57 \pm 0,32$ құрады. Жоғарғы 2 бөліммен

салыстырғанда саны басым артық. Пішіндері жоғарғы, ортаңғы 1/3 бөлімдерінде көбіне дөңгелек, дискі түрінде, ал төменгі 1/3 бөлімінде сопақша, көлемі 5,0 мм-ден 9,0 мм аралығынды ауытқып отырды.



Сурет – 1. Асқазан мен жіңішке ішектің бөлімдері бойынша шашыранды орналасқан лимфоидты түйіншелердің сандық көрсеткіштері

Тұжырым: Сонымен, қалыпты жағдайда лимфоидты құрылымдар егеуқұйрықтардың асқазанының, жіңішке ішектің барлық бөлімдерінде кездеседі. Асқазанда да, жіңішке ішекте де дистальды бағытта олардың саны артады, көлемі ұлғаяды. Бұл көрсеткіштер асқазан мен жіңішке ішектегі лимфоидты құрылымдардың топографиясының ұқсастығын білдіреді.

Әдебиеттер:

1. Аль-Раяши Салим, Э.В. Швецов, Е.В. Коплик. Структурные изменения стенки желудка крыс при геморрагическом инсульте в первые сутки эксперимента. // Морфология. - Спб. (ЭСКУЛАП). 2006. - Т.129. -№. 4. -С. 8.
2. П.В. Пугач, Н.Р. Карелина, С.В.Круглов, С.А. Чуйков. Реакция лимфоидных бляшек тонкой кишки

крыс на пренатальное воздействие алкоголя // Морфология. Материалы докладов IX конгресс МАМ. – 2008. – Т.133. -№2. – С. 110.

3. И.И.Кошелева, О.В. Никитенко. Структурные преобразования лимфатического региона подвздошной кишки под влиянием токсических доз селена // Морфология. Материалы международной гистологической конференции. – 2008. – Т.3. -№3. – С. 58.
4. И.А.Бяков. Морфогенез лимфоидной ткани ротоглотки, пищевода и желудка у крупного рогатого скота: автореф. ... канд. вет. наук / И.А. Бяков - Санкт - Петербург, 2007. - 17с.
5. Е.С. Воронин, М.М.Петров, А.М.Серых. Иммунология. - М.: «Колос - пресс», 2002. - 408с.
6. В.Г. Галактионов. Эволюционная иммунология: учебное пособие. - М.: ИКЦ «Академкнига», 2005. - 408с.

Сравнительная анатомия лимфоидных образований желудка и тонкого кишечника соответственно различным отделам

Е.Ж. Бекмухамбетов, С.Б. Рахманов, А.Д. Балмагамбетова

Наличие и полное развитие лимфоидных образований желудочно-кишечного тракта можно объяснить прямым воздействием внешних антигенов. Увеличение размера и количества лимфоидных образований слизистой оболочки желудка и тонкого кишечника в дистальном направлении, указывает на их анатомо-топографические особенности строения.

Comparative anatomy of lymphoid formations stomach and small intestine to the various departments

Ye. Zh.Bekmukhambetov, S.B. Rakhmanov, A.D. Balmagambetova

The existence and development of lymphoid dipole formations of the gastrointestinal tract can be attributed to the direct impact of foreign antigens. Increasing the size and number of lymphoid structures of the gastric mucosa and small intestine in the distal direction, points to their anatomical and topographic features of the structure.